

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 қыркүйекте № 15731 болып тіркелді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф. Жақсылықов) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде осы бұйрықты қағаз және электронды түрде, қазақ және орыс тілдерінде, елтаңбалы мөрмен куәландырылған көшірмесін ресми жариялауға, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мекемесіне жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Б.Б. Бисенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
полиция генерал-полковнигі

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 24 тамыздағы  
№ 583 бұйрығымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланынында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары**

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 44-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және бейбіт уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында (бұдан әрі – Ұлттық ұлан) тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Ұлттық ұланда тамақтандыруды ұйымдастыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) бейбіт уақытта Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін тамақтандыруды ұйымдастыру және азық-түлікпен, азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен жабдықтауды ұйымдастыру, Ұлттық ұланның қызметтік иттерін азықтандыру үшін ақшалай қаражат жоспарлау;

2) Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін азық-түлікпен қамтамасыз ету және азық-түлікпен жабдықтау, Ұлттық ұланның қызметтік иттерін азықтандыру;

3) Ұлттық ұланның азық-түлік қызметінде есепке алу және есептілікті ұйымдастыру ;

4) тамақтандыруды ұйымдастыру үшін Ұлттық ұланды азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз ету;

5) Ұлттық ұланды тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған азық-түліктің, азық-түлік қызметі техникасының және мүлкінің сақталуын ұйымдастыру.

3. Ұлттық ұланда тамақтандырудың ұйымдастырылуын басқаруды Бас қолбасшылық тыл басқармасының азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі (бұдан әрі – азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі) жүзеге асырады, ол Ұлттық ұланда азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша орталық орган болып табылады.

4. Азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі Ұлттық ұланның азық-түлік қызметін басқарады, құзыреті шегінде өңірлік қолбасшылықтардың, құрамалардың, әскери бөлімдердің және жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметтеріне орындау үшін міндетті нұсқаулар және азық -түлікпен қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

5. Әскери басқару органдарының басқа деңгейлерінде тамақтандырудың ұйымдастырылуын басқаруды өңірлік қолбасшылықтардың, құрамалардың, әскери бөлімдердің және жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметтері жүзеге асырады.

6. Азық-түлік қызметін басқару органдарына мыналар жатады:

1) орталықта – азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі;

2) өңірлік қолбасшылықтарда, құрамаларда, әскери бөлімдерде және жоғары әскери оқу орнында азық-түлік қызметі.

7. Ұлттық ұланның азық-түлік қызметі құрылымына басқару органдарымен қатар:

1) азық-түлік қоймалары (базалар, көкөніс сақтайтын орындар);

2) Ұлттық ұлан әскери бөлімдері мен жоғары әскери оқу орнының асханалары кіреді.

8. Ұлттық ұланды азық-түлікпен, техникамен және мүлікпен қамтамасыз ету сызба бойынша жүзеге асырылады: орталық – Бас қолбасшылық тыл басқармасының азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі – өңірлік қолбасшылықтың азық-түлік қызметі (Ұлттық ұлан жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметі) – құраманың (әскери бөлім) азық-түлік қызметі – бөлімше – әскери қызметші.

## **2-тарау. Бейбіт уақытта Ұлттық ұланды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражат жоспарлау**

9. Бейбіт уақытта Ұлттық ұланды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін ақшалай қаражат жоспарлау әскери басқару органдарының барлық деңгейлерінде және және мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) тамақтандыруды ұйымдастыруға және әскери қызметшілерді азық-түлікпен жабдықтауға, қызметтік жануарларды азықтандыруға ақшалай қаражат жоспарлау;

2) тамақтандыруды ұйымдастыру үшін азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражат жоспарлау.

## **1-параграф. Тамақтандыруды ұйымдастыра және әскери қызметшілерді азық-түлікпен жабдықтау үшін ақшалай қаражат жоспарлау**

10. Тамақтандыруды ұйымдастыруға және әскери қызметшілерді азық-түлікпен жабдықтауға ақшалай қаражат жоспарлау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін сатып алу;

азық-түлік және жеке тамақтану рационын (бұдан әрі – ЖТР) сатып алу.

11. Ұлттық ұланда тамақтандыруды ұйымдастыру, азық-түлік, жеке тамақтану рационын сатып алуды ұйымдастыру қызметін сатып алуға ақшалай қаражат жоспарлау үшін мыналар бастапқы деректер болып табылады:

1) жоспарланған кезеңнің басында азық-түліктің, жеке тамақтану рациондарының шын мәнінде (жоспарланған) болуы;

2) өңірлік қолбасшылықтардың, құрамалар мен әскери бөлімдердің жоспарланған кезеңнің басындағы мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерінің штаттық саны, сондай-ақ жауынгерлік есептоптардың, тәуліктік нарядтар мен жауынгерлік кезекшілік құрамына кіретін келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің тізімдік саны;

3) "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын бейбіт уақытқа тамақтандырудың, азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-ас үйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 420 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 12632 болып тіркелген), (бұдан әрі – 420-бұйрық) бекітілген тамақтандыру және азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асхана-ас үй ыдысымен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтаудың заттай нормалары, олардың әрбір норма бойынша саны;

4) өткізілуі жоспарланатын кезеңге көзделген ұйымдастырушылық іс-шаралар;

5) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректеріне сәйкес тағам өнімдері және ЖТР бағасы;

6) әлеуетті өнім берушілердің тамақ өнімдеріне (жемдерге) берген бағалық ұсыныстары.

12. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін тамақпен қамтамасыз ету және қызметтік жануарларын азықтандыру үшін ақшалай қаражат жоспарлау нәтижелері бойынша алынған деректер тиісті бөліммен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бюджеттік өтініміне енгізіледі.

## **2-параграф. Тамақтандыруды ұйымдастыру үшін азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражат жоспарлау**

13. Ұлттық ұланның азық-түлік қызметі техникасы мен мүлкін сатып алуға ақшалай қаражат жоспарлау үшін бастапқы дерек болып табылатындар:

1) азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің нақты болуы, бастапқы жоспарланатын кезеңнің басында пайдаланылған мерзімін ескере отырып олардың сапалық жай-күйі;

2) заттай нормалары;

3) өңірлік қолбасшылықтар, құрамалар, әскери бөлімдер мен жоғары әскери оқу орны әскери қызметшілерінің штаттық саны, сондай-ақ жауынгерлік есептоптардың, тәуліктік нарядтар мен жауынгерлік кезекшілік құрамына кіретін келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің тізімдік саны;

4) мемлекеттік статистика саласында (болған жағдайда) уәкілетті органның деректеріне сәйкес азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің бағасы;

5) әлеуетті өнім берушілердің бағалық ұсыныстары.

Ұлттық ұланның азық-түлік қызметі техникасы мен мүлкін сатып алу үшін ақшалай қаражат жоспарлау нәтижелері бойынша алынған деректер тиісті бөліммен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бюджеттік өтініміне енгізіледі.

## **3-тарау. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін тамақтандырумен қамтамасыз ету және азық-түлікпен жабдықтау**

14. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін тамақпен қамтамасыз ету және азық-түлікпен жабдықтау, сондай-ақ қызметтік иттерін азықтандыру қызметтік жануарларын азықтандыру 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормаларға сәйкес тиісті кезеңге бөлінген бюджет қаражаты лимиттерінің шегінде мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

- 1) әскери қызметшілер үшін азық-түлік сатып алу;
- 2) тамақтандыруды ұйымдастыру қызметін сатып алу;
- 3) ЖТР сатып алу.

15. Әскери қызметшілерді тамақтандырумен қамтамасыз ету мынадай ерекшеліктер қолданылып жүзеге асырылады:

1) Ұлттық ұланның құрамаларын, әскери бөлімдерін және жоғары әскери оқу орындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуге енгізу және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау;

2) әскери қызметшілерді (әскери командалар, бөлімшелер) азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау;

3) әскери қызметшілерді жол бойына азық-түлік үлесімен (ЖТР) қамтамасыз ету.

**1-параграф. Ұлттық ұланның құрамаларын, әскери бөлімдерін және жоғары әскери оқу орнын азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау**

16. Құрамаларды, әскери бөлімдерді және жоғары әскери оқу орнын басқа өңірлік қолбасшылыққа, құрамаға, әскери бөлімге азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау қайта ұйымдастыру, орнын ауыстыру, уақытша ауысу кезінде (қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде), сондай-ақ басқа да жағдайларда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.12.2023 № 905 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Жаңадан құрылатын әскери бөлімдер оларды құру туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тиісті бұйрығының негізінде азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады. Әскери бөлімді жаңа орналасу орнына ауыстыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының басқа өңірлік қолбасшылығына бекіту кезінде әскери бөлім азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған өңірлік қолбасшылықта осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аттестат жазып береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.12.2023 № 905 ( алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Әскери бөлімде аттестат тек оған қамтамасыз етуге басқа әскери бөлім тіркелген жағдайда жазып беріледі. Аттестатқа: өңірлік қолбасшылықта (әскери бөлімде) – қолбасшының, әскери бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасары және тиісті қызмет бастықтары қол қояды.

19. Азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау болған өңірлік қолбасшылық, құрама немесе әскери бөлім азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау нәтижелері бойынша азық-түлікпен қамтамасыз ету бөліміне атқарылған іс-шаралар туралы есеп ұсынады.

**2-параграф. Әскери қызметшілерді (әскери командалар, бөлімшелер) азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тастау**

20. Белгіленген орынға және қызметтік-жауынгерлік міндеттер орындау аудандарына келген Ұлттық ұланның әскери бөлімдері (бөлімшелер) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығы (өкімі) негізінде азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады, бұл ретте осы әскери бөлімдердің құрамында келетін әскери қызметшілер уақытша орналасқан пункттегі Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің біріне азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.12.2023 № 905 ( алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Ұлттық ұланның әскери бөліміне немесе жоғары әскери оқу орнына келген әскери қызметшілер Ұлттық ұлан әскери бөлімі командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының тәуліктік бұйрығымен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады және азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тасталады.

22. Мыналар:

420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалар;

келісімшарт бойынша әскери қызметшілер үшін - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нұсқама, іссапар куәлігі, азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау туралы баянат;

курсанттар және мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нұсқама, демалыс билеті және азық-түлік аттестаты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау үшін негіз болып табылады.

23. Азық-түлік аттестаты курсант немесе әскери қызметші, әскери команда ( бөлімше) әскери бөлімнен кеткен кезде заттай азық-түлікпен қай күнге және қандай үлестің заттай нормалары бойынша қанағаттандырылғанын растайтын құжат болып

табылады. Аттестат әскери қызметшіге (әскери командаға, бөлімшеге) жаңа қызмет орны бойынша, сонымен қатар ол қызметтік іссапарда, демалыста және әскери госпитальда, әскери бөлімнің не жоғары әскери оқу орнының лазаретінде стационарлы емделуде болған кезде заттай азық-түлік алу құқығын береді.

24. Ерекше жағдайларда әскери қызметші Ұлттық ұланның әскери бөліміне немесе жоғары әскери оқу орнына азық-түлік аттестатынсыз (аттестат жоғалған және т.б.) келгенде оның баянаты негізінде Ұлттық ұлан әскери бөлімі командирінің не жоғары әскери оқу орны бастығының тәуліктік бұйрығымен ол азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады, баянатта аттестаттың болмау себептері және қай күнге дейін азық-түлікпен қанағаттандырылғаны көрсетіледі. Бір уақытта азық-түлік аттестатын берген әскери бөлімнен немесе жоғары әскери оқу орнынан аттестаттың телнұсқасы сұратылады, олар оны 3 тәуліктен кешіктірмей жіберу керек.

25. Әскери қызметшілерде және басқа да контингенттерде 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалар ескертпелеріне сәйкес азық-түлікпен жабдықтаудың нормаларына құқығы туындаған кезде олар Ұлттық ұлан әскери бөлімі командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының тәуліктік бұйрығымен мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге аттестатсыз қабылданады.

26. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары гарнизондық және қарауылдық қызметінің жалпы әскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарғысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары гарнизондық және қарауылдық қызметінің жарғысына сәйкес гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілер тамақпен негізгі жалпы әскери азық үлесінің нормасы бойынша қамтамасыз етіледі, оларды тамақтандыруға қабылдау азық-түлік аттестаты бойынша жүзеге асырылады. Егер гауптвахта жанында тамақ әзірленбесе, онда оны гауптвахтадағы әскери қызметшілерге жеткізу тәртібін гарнизон бастығы белгілейді.

Азық-түлік аттестаттары жоқ ұсталғандар, гауптвахтаға немесе уақытша ұсталатындарға арналған үй-жайларға жабылғандар үлеске әскери полиция органының бастығы (әскери бөлім командирі) бұйрығының үзіндісі бойынша қабылданады.

27. Азық-түлік аттестатынсыз азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекет есебінен азық-түлік үлесін алуға (тамақтану) құқығы бар, кенеттен сырқаттанып (жарақат, улану, инфекциялық аурулар және т. б.) қазақстан Республикасының әскери-медициналық мекемесіне жеткізілген әскери қызметшілер мен басқа да контингенттер қамтамасыз етуге қабылданады. Бұл жағдайларда әскери-медициналық мекеме Ұлттық ұланның әскери бөлімінен немесе жоғары әскери оқу орнынан азық-түлік аттестатын талап етеді, ал соңғысы – оны әскери-медициналық мекемеге дереу жібереді. Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер емделу кезеңіне

тағайындалған емдеуші (тексеретін) дәрігердің медициналық қорытындысы (жолдамасы) негізінде мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады.

28. Әскери қызметшілер Ұлттық ұланның әскери бөлімінен немесе жоғары әскери оқу орнынан әскери команда (бөлімшелер) құрамында кеткен жағдайда барлық командаға бір азық-түлік аттестаты жазылып беріледі. Аттестатқа әскери қызметшілердің тізімі қоса беріледі, оған аттестатқа қол қойған лауазымды адамдар, сондай-ақ кеткен бөлімшенің командирі (команда басшысы) қол қояды және Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

29. Мерзімді әскери қызмет өткеруші, запасқа босатылатын әскери қызметшілерге азық-түлік аттестаты жазылып берілмейді, ал олардың азық-түлікпен (азық-түлік - жол ақшамен) қанағаттандырылғаны туралы нұсқамада көрсетіледі.

30. Тамақтандыру және азық-түлікпен жабдықтаудың заттай нормалары бойынша азық-түлік үлесі мемлекет есебінен немесе олардың толық құнын төлей отырып босатылады.

31. Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне мемлекет есебінен заттай нормалар үлесі тамақтандыру түрінде немесе қолына азық-түлікпен беріледі.

32. Ұлттық ұлан жоғары әскери оқу орнының курсанттары оқытудың барлық кезеңінде, оның ішінде оларға алғашқы офицерлік атақ берілгені туралы бұйрық шыққаннан кейін, олар шыққан күні аралығында тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

33. Ұлттық ұлан жоғары әскери оқу орнының курсанттарын оқу кезеңінде казармалық жағдайда ұстаудан босату кезінде азық-түлікпен қамтамасыз етуден алып тасталуы мүмкін, әлде оларға тиесілі тамақтың орнына азық-түлікті қолдарына рұқсат етіледі.

34. Ұлттық ұланның барлық әскери қызметшілері тиесілі азық-түлік үлесі заттай нормаларының тек біреуін ғана алады.

35. Әскери бөлімдердің, бөлімшелердің (командалар, кезекші ауысымдар, жауынгерлік есептоптар) түрлі заттай нормалар бойынша азық-түлік алуға құқылы әскери қызметшілері, егер оларды орналастыру немесе қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау жағдайлары олар үшін жеке тамақтандыру ұйымдастыру мүмкін болмаса Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының тыл басқармасы азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімінің рұқсатымен бірыңғай заттай норма көрсетілген әскери қызметшілер үшін белгіленген нормалардың бірі) бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

36. Тамақтандырудың заттай нормалары бойынша азық-түлік үлесін қолдарына беру рұқсат берілген әскери қызметшілердің тізімі, сондай-ақ азық-түлік үлесін беру мерзімі ай сайын (өткен айдың 30 күніне дейін) Ұлттық ұлан әскери бөлімі

командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының бұйрығымен жарияланады. Тізімдерді Ұлттық ұлан әскери бөлімнің немесе жоғары әскери оқу орнының штабы бөлімше командирлерінің өтінімдері негізінде жасайды.

37. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге және Ұлттық ұлан жоғары әскери оқу орнының курсанттарына (демалыс, іссапар) өткізу (орналасу) орнына кері қайту жолына (іссапар, демалыс) ЖТР беріледі.

38. Ұлттық ұланның мерзімді әскери қызмет өтетін әскери қызметшісін немесе жоғары әскери оқу орнының курсантын Ұлттық ұлан әскери бөлімінің не жоғары әскери оқу орнының ішінде бір бөлімшеден екіншісіне ауыстыру кезінде азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау мен алып тастау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметі жазып беретін азық-түлік анықтамасы бойынша жүзеге асырылады.

39. Азық-түлік аттестаттарында олардың бір немесе бірнеше күн алға азық-түлікпен қамтамасыз етілгені туралы белгілерімен келген әскери қызметшілер аттестат бойынша қамтамасыз етілген күннен бастап азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады.

40. Азық-түлік үлесін заттай норма бойынша алатын әскери қызметшілердің қолдарына кез-келген, бірақ бір айдан аспайтын тәулік үшін азық-түлік беру әскери бөлім командирі немесе жоғары әскери оқу орнының бастығы белгілеген күндері "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен (бұдан әрі – 390-бұйрық) бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 15 тамыздағы № 7126 нөмірмен тіркелген) 50-қосымшаға сәйкес, қаржы қызметінде жазылатын немесе тіркелетін № 434 нысандағы қорлардың ішкі ауысуына арналған жүкқұжаттар не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметінде жазып берілетін тарату (тапсыру) ведомостері бойынша жүргізіледі.

Азық-түлік жазып беру үшін тамақтанудың заттай нормалары, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметінде жүргізілетін азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған әскери қызметшілер мен қызметтік жануарлардың қозғалысын есепке алу күнделігі, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметінде жазып берілетін азық-түлікті тарату мәзірі негіз болып табылады.

### **3-параграф. Әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыру**

41. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны әскери қызметшілерінің тамақтану режимін әзірлеу Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командиріне не жоғары әскери оқу орнының бастығына, олардың тыл жөніндегі орынбасарларына, азық-түлік және медициналық қызметтердің бастықтарына жүктеледі.

42. Әскери қызметшілердің тамақ ішу уақытын Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командирі немесе әскери оқу орнының бастығы айқындайды.

43. Тамақтану арасындағы уақыт аралығы 7 сағаттан аспауы керек, бұл ретте күн тәртібін белгілеу кезінде таңғы ас сабақ басталғанға дейін, түскі ас - негізгі сабақтар аяқталғаннан кейін, кешкі ас — ұйқыға 2-3 сағат қалғанға дейінге жоспарланады. Түскі астан кейін кемінде 30 минут сабақтар өткізілмейді немесе жұмыстар жүргізілмейді.

44. Тамақтану режиміне қойылатын талаптар азық-түлікті тарату мәзірінде іске асырылады, ол түрлі және физиологиялық толыққанды тамақ әзірлеу үшін заттай норма үлесінің азық-түлігін аса дұрыс және оңтайлы пайдалануға, сондай-ақ әскери қызметшілерді және тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылайтын лауазымды адамдарды жоспарланған тағам ассортиментімен, бір әскери қызметшіге күніне берілуі тиіс азық-түлік санымен және даяр тағамдардың, ет және балық үлестерінің есептік шығуымен таныстыруға мүмкіндік береді.

45. Азық-түлікті тарату мәзірін Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің бастығы Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны медициналық қызметінің бастығымен, Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының асхана бастығымен және нұсқаушы-аспаздарымен бірлесіп жасайды.

46. Азық-түлікті тарату мәзіріне:

1) Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны бастығының тыл жөніндегі орынбасары;

2) Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны медициналық қызметінің және азық-түлік қызметінің бастығы қол қояды.

Тарату мәзірін Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командирі немесе жоғары әскери оқу орнының бастығы бекітеді.

Бекітілген азық-түлікті тарату мәзіріне өзгерістер тек Ұлттық ұлан әскери бөлімі командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының жазбаша рұқсатымен енгізілуі мүмкін.

47. Азық-түлікті тарату мәзірі аптасына төрт данада жазылады. Әскери бөлімдердің жеке орналасқан бөлімшелері үшін апталық азық-түлікті тарату мәзірін бір ай мерзіміне пайдалануға рұқсат етіледі.

Азық-түлікті тарату мәзірінің бірінші данасы Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметінде болады және әскери қызметшілерді тамақтандыруды бақылау және есептілікті жасау үшін негіз ретінде қызмет етеді; екінші және үшінші даналары қоймаға және асханаға шығарылады, азық-түлік қоймасынан асханаға және аспаз үшін тамақ дайындау кезінде басшылыққа алуға негіз болып табылады; төртінші данасы асхананың тамақтану залына ілінеді. Әскери бөлімдердің жеке орналасқан бөлімшелері үшін азық-түлікті тарату мәзірі аптасына үш данада жазылады. Пайдалану (басшылыққа алу) аяқталғасын азық-түлікті тарату мәзірі Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметіне тапсырылады.

48. Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының әскери қызметшілерін тамақтандыруды азық-түлік қызметі ұйымдастырады.

49. Әскери қызметшілердің тамақтануын ұйымдастыру үшін, сондай-ақ азық-түлікті сақтау үшін Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде немесе жоғары әскери оқу орнында асханалар, азық-түлік қоймалары және көкөніс сақтау орындары жабдықталады, олар міндетті түрде азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімімен келісіліп салынған не реконструкцияланған арнайы ғимараттарға орналастырылады.

50. Әскери бөлімнің әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жауапты лауазымды адамдары объектілердің, жабдықтың, асханалық-ас-үйлік ыдыс мен мүкәммалдың дұрыс пайдаланылуын, олардың техникалық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін, тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың, дайындау технологиясының сақталуын, дайындалатын тамақтың сапасын және әскери қызметшілерге тамақтанудың тиісті заттай нормаларының жеткізілуін және азық-түлікпен жабдықталуын бақылауды жүзеге асырады.

51. Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде және жоғары әскери оқу орнында тамақтандыруды ұйымдастыру үшін азық-түлік қызметі мамандарының штаты ұсталады, ол қолданыстағы заңнаманың талаптарымен көзделген Ұлттық ұланның штаттық құрылымымен айқындалады.

52. Әскери бөлімнің әскери қызметшілерін басқа әскери бөлімнің асханасы арқылы тамақтандыру жағдайында осы бөлімнің азық-түлік қызметінің барлық мамандары тамақтандыру ұйымдастырылған асханада жұмыс істеуге тартылады.

**4-параграф. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді, әскери кафедралардың әскери даярлықтарынан өтіп жатқан студенттерін, әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттарын жиыннан (тағылымдамадан) өту кезеңінде, оқу орындарында және оқу бөлімдерінде әскери даярлықтан (қайта даярлаудан), оқудан өтіп жатқан әскери қызметшілерді, сондай-ақ осы бөлімге, бөлімшеге іссапармен келген әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру**

53. Ұлттық ұланның әскери бөлімдеріне немесе жоғары әскери оқу орнына әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер мен студенттерді тамақтандыру осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес мемлекет есебінен ұйымдастырылады.

Ұлттық ұланның әскери бөлімі командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының шешімі негізінде оларды Ұлттық ұланның әскери бөлімінде немесе жоғары әскери оқу орнында тамақтандыру тәртібі айқындалады.

54. Ұлттық ұлан жоғары әскери оқу орнының курсанттары тағылымдамадан өтудің барлық кезеңінде әскери бөлімдерде азық-түлікпен қамтамасыз етуге осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес азық-түлік аттестатының негізінде қабылданады.

Басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқитын курсанттар азық-түлік аттестатының негізінде азық-түлікпен қамтамасыз етуге, ал ол болмаған кезде әскери бөлімге (тағылымдамадан өту орны) тағылымдама басталған күннен бастап оның аяқталуына дейін жазылған нұсқама негізінде қабылданады.

Тағылымдама аяқталғасын курсанттарға тұрақты орналасу немесе тағылымдамадан кейін демалыс өткізу орнына дейін баратын жолға ЖТР беріледі.

55. Ұлттық ұланның жоғары әскери оқу орнында немесе Ұлттық ұланның оқу әскери бөлімінде әскери даярлықтан, оқудан өтіп жатқан келісімшарт бойынша әскери қызметшілер баянаттары негізінде 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалардың 1 " Жалпы әскери азық үлесі" заттай нормасы бойынша Ұлттық ұлан әскери бөлімі командирінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының тәуліктік бұйрығымен мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылданады.

**5-параграф. Штаттағы әскери оркестрлердің музыкалық тәрбиеленушілерін, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, сондай-ақ әскери оқу орындарына түсу үшін әскери жиындарға жолданатын әскерге шақырылушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру**

56. Әскери бөлімдердің штаттағы әскери оркестрлерінің музыкалық тәрбиеленушілерін мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Әскери оқу орындарына түсу үшін әскери жиындарға жолданатын мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

58. Әскери оқу орындарына түсу үшін әскери жиындарға жолданатын әскерге шақырылушыларды мемлекет есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдау осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**6-параграф. Әскери қызметшілерді қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде тамақтандыруды ұйымдастыру**

59. Әскери қызметшілерді қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде тамақтандыру мемлекет есебінен 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалардың 1 " Жалпы әскери азық үлесі" заттай нормасы бойынша жүзеге асырылады және үш рет болуы тиіс.

60. Әскери қызметшілерді азық-түлікпен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету орындалатын міндеттердің сипатын және нақты жағдайды ескере отырып ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

61. Әскери қызметшілерді тамақтандыру кез-келген жағдайда ұйымдастырылады. Ыстық тамақ тәулігіне үш рет дайындалады және әскери қызметшілер Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командирі немесе жоғары әскери оқу орнының бастығы белгілеген уақытта қабылдайды. Тамақтандыруды ұйымдастыру үшін асханалар, азық-түлік

пункттері өрістетіледі. Бұдан басқа тамақты дайындау және жеткізу, су апару және сақтау құралдарымен роталық, взводтық азық-түлік пункттері, сондай-ақ бөлімшелердің азық-түлік пункттері өрістетілуі мүмкін.

62. Тәулігіне үш рет ыстық тамақты дайындау және жеткізу мүмкіндігі болмаған кезде ол екі рет дайындалады, ал тамақты қабылдар арасында әскери қызметшілерге жылумен өңдеуді талап етпейтін тәуліктік азық-түлік нормасының бір бөлігін береді.

63. Тамақ дайындаудың штаттық құралдары жоқ бөлімшелер міндеттерді орындау және тамақ алу ыңғайлылығын ескере отырып Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының өрістетілетін азық-түлік пункттеріне не асханаларына қамтамасыз етуге бекітіледі.

64. Тамақ қабылдауға арналған азық-түлікті тарату мәзірінде азық-түлік өнімдерін жоспарлау мен үлестіруді Ұлттық ұланның әскери бөлімі мен жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің бастығы 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалардың 1 "Жалпы әскери азық үлесі" заттай нормасына сәйкес дала жағдайында дайындау мен сақтаудың ерекше жағдайларын қажет ететін азық-түліктің ауыстырылуын ескере отырып жүзеге асырады.

65. Қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде Ұлттық ұлан өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орындарының әскери қызметшілерін тамақтандыруды ұйымдастыру және азық-түлікпен жабдықтаудың жалпы тәртібін Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары, ал қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде жағдайға қарай Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтар қолбасшыларының, құрама, әскери бөлім командирлерінің және жоғары оқу орындары бастықтарының тыл жөніндегі орынбасарларының ұсыныстары бойынша өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшылары, құрама, әскери бөлім командирлері, жоғары әскери оқу орындарының бастықтары айқындайды.

66. Ұлттық ұлан өңірлік қолбасшылықтарының, құрамалары мен әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орындарының әскери қызметшілері әскери қызметшілерді тамақтандыру және азық-түлікпен жабдықтауды тікелей жергілікті атқарушы билік органдары жүзеге асыратын дағдарыстық жағдайлар мен табиғи және техногендік сипаттағы жағдайлардың зардаптарын жою бойынша қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауға қатысқан кезде тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібі стационарлық жағдайлардағыдай (тұрақты орналасу пунктерінде) Ұлттық ұлан өңірлік қолбасшылықтарының, құрамаларының, әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының лауазымды адамдары тікелей қатысып және бақылап белгіленеді.

**7-параграф. Әскери қызметшілерді жауынгерлік кезекшілікті атқару уақытында, далалық шығуларда, тәуліктік нарядта, қарауылдарда, әскери және арнайы жүктермен еріп жүрген кезде тамақтандыруды ұйымдастыру**

67. Әскери қызметшілерді жауынгерлік кезекшілік атқару уақытында, далалық шығуларда, тәуліктік нарядтарда, қарауылдарда, әскери және арнайы жүктермен еріп жүрген кезде тамақтандыру тамақтандыру тікелей жүзеге асырылуы және үш реттік болуы тиіс Ұлттық ұлан құрамаларының, әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының тамақтандыру мен жабдықтаудың негізгі заттай нормалары бойынша жүзеге асырылады. Әскери қызметшілер далалық шығуларға қатысқан кезде тамақтандыру даярлау мен сақтаудың ерекше жағдайларын қажет ететін азық-түліктің ауыстырылуын ескере отырып ұйымдастырылады.

68. Әскери қызметшілер азық-түлікпен қамтамасыз етуге Ұлттық ұлан құрамасы, әскери бөлімі командирлерінің немесе жоғары әскери оқу орны бастығының тәуліктік бұйрығымен қабылданады.

69. Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтарында, құрамаларында, әскери бөлімдерінде немесе жоғары әскери оқу орнында тамақтандыруды тікелей Ұлттық ұлан өңірлік қолбасшылықтарының, құрамаларының, әскери бөлімдерінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметі ұйымдастырады.

**8-параграф. Ұлттық ұланның әскери бөлімінде немесе әскери оқу орнында тамақтандыруды аутсорсинг әдісімен ұйымдастыру**

70. Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде және жоғары әскери оқу орнында әскери қызметшілерді тамақтандыру аутсорсинг әдісімен ұйымдасырылуы мүмкін.

71. Мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес өнім беруші әскери қызметшілердің әскери бөлімде немесе жоғары әскери оқу орнында Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командирі немесе жоғары әскери орнының бастығы бекіткен күн тәртібіне сәйкес тамақтандыру мен жабдықтаудың заттай нормасы және Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметінде төрт данада жазылып берілген азық-түлікті тарату мәзірі бойынша тамақтандыруды ұйымдастырады.

72. Бірінші дана Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметінде қалады және әскери қызметшілердің тамақтандырылуына бақылау ұйымдастыру және есеп құрау үшін пайдаланылады; екінші және үшінші данасы қоймадан азық-түлік беруді ұйымдастыру және аспаздар (өнім берушінің персоналы) тамақ әзірлеу кезінде басшылыққа алу үшін қызмет көрсетушіге қолын қойдырып беріледі; төртінші данасы тамақ ішу залына ілінеді. Пайдалану (басшылыққа алу) аяқталғаннан кейін азық-түлікті тарату мәзірі Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметіне тапсырылады.

73. Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қызметі күнделікті саптық бөліммен (бөлімшемен) азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған әскери қызметшілер бойынша салыстыру жүргізеді, азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған әскери қызметшілердің қозғалысын есепке алу күнделігінде жазба жасайды, содан кейін қызмет көрсетушіге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің бастығы қол қойған әскери қызметшілерді тамақпен қамтамасыз етуге арналған өтінім береді.

74. Өтінімді алғаннан соң өнім беруші қоймадан тікелей әскери қызметшілерді тамақтандыруды жүзеге асыратын асханаға азық-түлік жазып береді.

75. Жазылып берілетін (алынатын) азық-түліктің саны мен сапасын, сондай-ақ тағамның әзірленуін және оның азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған әр әскери қызметшіге берілуін әскери бөлімнің немесе жоғары әскери оқу орнының Ұлттық ұланның әскери бөлімінде не жоғары әскери оқу орнында тамақтандырудың ұйымдастыру тәртібін бақылау бойынша қызметтік және арнайы міндеттер атқаратын лауазымды адамдары бақылайды.

76. Тамақтандыру қызметіне жасалған мемлекеттік сатып алу шартының талаптарына сәйкес Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны тамақтандыру қызметін көрсетушіге тамақтандыру қызметін көрсету үшін қажетті асхана үй-жайларын, қоймаларды, қосалқы үй-жайларды, тоңазытқыш және технологиялық жабдықты, мүкәммал мен асханалық-ас үйлік ыдысты жалға беру шарттарымен береді, олар ұсталуы мен жөнделуіне жауап береді.

77. Әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету процесінде өнім беруші қабылданған технологиялық және тоңазыту жабдығына қызмет көрсету мен күтіп ұстау бойынша қажетті жөндеу іс-шараларды жүргізеді, асхананы қажетті ыдыспен және шаруашылық мүкәммалмен жарақтайды.

78. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны қызмет көрсетушіге ұсынған үй-жайлар мен асхана мүлкі, азық-түлік қоймалары мен көкөніс сақтау орындары тек тамақтандыру қызметін көрсету бойынша міндеттемелерді орындау мүддесімен және қатаң тура мақсат бойынша пайдаланылады.

79. Әскери қызметшілерді тамақтандыруды ұйымдастыруға қатысты барлық қажетті іс-шараларды, сондай-ақ олармен байланысты шығындарды қызмет көрсетуші өз есебінен жүзеге асырады, қызметтерді төлеуді әскери бөлім немесе жоғары әскери оқу орны мемлекеттік сатып алу шартымен көзделген ақшалай қаражаттың шегінде жүргізеді.

80. Әскери қызметшілерді тамақпен қамтамасыз етуге ресімделген өтінімдерге сәйкес әскери бөлім немесе жоғары әскери оқу орны қызмет көрсетушімен бірлесіп әр айдың 15 күніне және соңына қарасты жағдай бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әскери қызметшілерді тамақтандыру мен азық-түлікпен қамтамасыз ету

бойынша көрсетілген қызметтерді төлеу актілерін жасайды және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес одан әрі қызметтерді төлеу құжаттарын ұсына отырып көрсетілген қызметтерді төлеу бойынша өзара есеп айырысуларға салыстыруды жүргізеді.

#### **4-тарау. Ұлттық ұланның азық-түлік қызметінде есепке алу мен есептілікті ұйымдастыру**

81. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері әскери бөлімнің немесе жоғары әскери оқу орнының тізіміне енгізілген күннен бастап белгіленген тамақтану нормаларына сәйкес азық-түлікпен, азық-түлік мүлкімен қамтамасыз ету тиесілігін пайдаланады.

82. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны беретін азық-түлік мүлкінің және техникалық құралдардың пайдалану мерзімі оларды нақты пайдалану күнінен бастап, азық-түлікті сақтау мерзімі бойынша есептеледі.

83. Ұлттық ұлан әскери бөлімдері мен жоғары әскери оқу орындарының қоймаларында (базаларда) мүкәммалдық мүлікті сақтау уақыты пайдалану мерзіміне есептелмейді. Азық-түлік қызметінің техникалық құралдары мен жабдықтары үшін пайдалану мерзімі оларды толық тозғанға дейінгі нақты пайдалану уақытымен есептеледі.

84. Әскери бөлімде немесе жоғары әскери оқу орнында азық-түлікті, азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды беру № 390 бұйрықпен бекітілген 50-қосымшаға сәйкес № 434-з нысаны бойынша қорлардың ішкі ауысуына арналған жүкқұжаттар бойынша жүргізіледі.

Азық-түлік және азық-түлік мүлкі тарату ведомостары бойынша берілген жағдайда ведомостар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметінде құжаттарды есепке алатын тіркеу журналында тіркеледі және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес тапсырылған құжаттарды есепке алу кітабы бойынша қаржы қызметіне тапсырылады.

85. Азық-түлікті, азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды есепке алу, оны азық-түлік қызметіне беру, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес азық-түлік мүлкінің кітабында, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес мүкәммалдық мүлікті берілген жылдар есепке алу журналында, № 390 бұйрықпен бекітілген 33-қосымшаға сәйкес № 296-а нысан бойынша қорларды сандық-сомалық есепке алу карточкаларында жүзеге асырылады.

86. Жеке құрамды тамақтандыруды ұйымдастыруға берілген азық-түлік (оның ішінде ЖТР) тамақтандыру және жабдықтау нормалары шегінде үлестіру (тапсыру) ведомостары және жүкқұжаттар бойынша есептен шығарылады.

87. Мерзімдері өтіп кеткен және одан әрі пайдалануға жатпайтын азық-түлік мүлкі және техникалық құралдарды бөлімше (азық-түлік қызметінің объектісі) Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының есебінен шығару үшін қоймаға тапсырады.

88. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды қызметтік міндеттерін орындау немесе апаттық жағдайлар кезінде жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайларда ауыстыру актінің немесе қызметтік тексеру материалдары қорытындысының негізінде жүргізіледі. Жаңадан берілген мүліктің және техникалық құралдардың пайдалану мерзімі берілген сәтінен бастап есептеледі.

89. Азық-түлік мүлкін мерзімінен бұрын беруге және белгіленген жабдықтау нормаларынан және табельдерден тыс шығындауға жол берілмейді.

90. Азық-түлікті, азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды талап етуді өңірлік қолбасшылықтар, әскери бөлімдер және жоғары әскери оқу орындары азық-түлікпен қамтамасыз ету бөліміне ұсынылатын есеп беру-өтінім құжаттары бойынша жүргізеді.

91. Азық-түлікті және азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды босатуға арналған кезектен тыс өтінімдер ұсынуға тек ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету, жеке құрамның штаттық санын ұлғайту үшін, сондай-ақ табиғи апаттардың нәтижесінде жоғалған мүліктің орнын толтыру үшін ғана жол беріледі.

92. Ұлттық ұланның әскери бөлімдеріне және жоғары әскери оқу орнына азық-түлік, азық-түлік мүлкі және техникалық құралдар сақтау базаларынан (азық-түлік қоймаларынан) босатылады, бір әскери бөлімнен екіншісіне беріледі немесе әскери бөлім Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасарының (бағынысты әскери бөлімдерде – өңірлік қолбасшылық қолбасшысы) өкімінің (жеделхаттар) негізінде ресімделген жүкқұжаттар бойынша сақтау базасына (азық-түлік қоймасына) тапсырады.

93. Азық-түлік, азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімінің нарядтары негізінде беруге рұқсат етіледі.

94. Барлық азық-түлік мүлкі және техникалық құралдар заттай нормаларға сәйкес беріледі және мынадай тәртіппен таңбалануы тиіс:

ірі көлемді мөлшердегі мүлік (техникалық құралдар, жабдық және мүкәммал) – биіктігі 100 мм және ені 60 мм қаріпті әріппен (мүліктің атауы), биіктігі 50 мм және ені 30 мм (мүліктің қосымша сипаттамалары және оның бөлімшеге, жауапты адамға бекітілуі);

орта көлемді мөлшердегі мүлік (құтылар, бактар, бөшкелер, термос т. б.) биіктігі 50 мм және ені 30мм қаріпті әріптермен басылған, биіктігі 25 мм. және ені 15мм (мүліктің қосымша сипаттамасы және оның бөлімшеге бекітілуі);

ұсақ көлемді мөлшердегі мүлік (қазандар және жауынгерлік құтылар) – биіктігі 25 мм және ені 15 мм қаріпті әріппен (тізім бойынша бөлімшеге бекітілуі).

Азық-түлік қызметінің шағын көлемдегі мүлкінің кейбір атауларына (асханалық-ас-үй мүкәммалы) таңбалау мүліктің мөлшерінен шыға отырып салынады.

Мүлікті таңбалау қорғаныш түстес ақ бояумен (соның ішінде қара), ашық түсте қызыл бояумен жүзеге асырылады.

Қорғаныш тыстарда (орамаларда) сақталатын мүлік белгіленген тәртіппен таңбаланады және бөлімшеге тиесілілігін белгілейтін (оның тізім бойынша бөлімшеге бекітілуі) өлшемі 30x60 мм жазба белгімен бекітіледі.

95. Қоймада пзық-түлікті, азық-түлік мүлкін және техникалық құралдарды есепке алу, оны беру есепке алу 390-бұйрықпен бекітілген 28-қосымшаға сәйкес М-17 нысаны бойынша ұорларды қоймалық есепке алу кітабында жүргізіледі. Қойманың және бөлімшелердің есепке алу деректері айына кемінде 1 рет қызметтердің (азық-түлік, қаржы) есептерімен салыстырылады, ол туралы тиісті белгі жасалады және есепке алуды салыстырғанг адамдардың қолы қойылады.

96. Азық-түлік қызметінің мүкәммалдық мүлкі Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының жеке меншігі болып табылады және тек уақытша пайдалануға (пайдалануға) беріледі.

Мүкәммалдық мүлік пайдалануда екінші санаттағы мүлік ретінде болады және толық тозғанға дейін пайдаланылады. Тура мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамсыз мүкәммалдық мүлік үшінші санатқа, бірақ пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін ауыстырылады. Қоймадан мүкәммалдық мүлік беру жүккұжат бойынша жүзеге асырылады.

97. Азық-түлік қызметінің мүкәммалдық мүлікпен жабдықтау нормасымен көзделген қазандар, металл құтылар, асханалық қасықтар мен сапты аяқтар Ұлттық ұланның әскери бөлімдері және жоғары әскери орны мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілердің штаттық санына босатылады. Осы мүлікті бөлімшелерде жауынгерлік есептоптар, тәуліктік нарядтар және жауынгерлік кезекшіліктер құрамына кіретін келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге беру уақытша пайдалануға берілетін азық-түлік мүлкін есепке алу кітабы бойынша - қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау кезеңіне беріледі, содан соң қайтадан бөлімшелерге тапсырылады.

98. Әскери қызметшілерді тамақтандырудың ұйымдастырылуын, қызмет көрсетушілердің шарт міндеттемелерін орындауын бақылау үшін азық-түлікті тарату мәзірін пайдалану аяқталғасын (жойғасын) Ұлттық ұланның әскери бөлімінде немесе жоғары әскери оқу орнында ай сайын азық-түліктің берілуі бойынша есеп жасалады, онда берілген (шығындалған) азық-түліктің саны, сондай-ақ осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның толыққанды берлімлеу фактілері есепке алынады. Азық-түліктің шығысы жөніндегі есеп ағымдағы жылғы азық-түлік есебіне қосымша болып табылады және Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орнында Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің бастығы, ал әскери бөлімдердің жеке орналасқан бөлімшелерінде маман (іс жүргізуші) жасайды және іске тігеді.

## **5-тарау. Ұлттық ұланды тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз ету**

99. Ұлттық ұланның құрамаларын, әскери бөлімдері мен жоғары әскери оқу орнын азық-түлік қызметінің техникасымен және мүлкімен қамтамасыз ету 420-бұйрықпен бекітілген заттай нормалардың негізінде жүзеге асырылады.

100. Барлық азық-түлік мүлкі, номенклатуралық топқа бөлуден басқа, дұрыс талап ету, алу, сақтау, әскери қызметшілерді қамтамасыз ету, есепке алу мақсатында мынадай белгілер бойынша:

- 1) нысаналы мақсаты бойынша;
- 2) пайдалану құқығы бойынша;
- 3) сапалық жай-күйі бойынша жіктеледі.

Азық-түлік мүлкі нысаналы мақсаты бойынша мынадай мүлікке бөлінеді:

1) Ұлттық ұлан әскери бөлімдері мен жоғары әскери оқу орнының әскери қызметшілерін қамтамасыз етуге арналған ағымдағы жабдықтау. Ол азық-түлік қызметінің объектілерінде (асхана, қойма, көкөніс сақтау қоймасы) пайдалануда болады, әскери бөлімдер азық-түлік қызметінің сақтау базаларында және қоймаларында ағымдағы немесе ауыспалы қорлар түрінде сақталады. Бұл топқа ағымдағы жабдықтауға арналған мүкәммалдық мүлік те кіреді;

2) Ұлттық ұланның жұмылдыру кезінде қалыптасатын әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерін қамтамасыз етуге арналған қол сұғылмайтын қор.

Қол сұғылмайтын қордың мүлкі жеке қоймада сақталады. Оның ағымдағы жабдықтау мүлкімен бірге сақталуына жол берілмейді.

Барлық азық-түлік мүлкі пайдалану құқығы бойынша мүкәммалдық болып табылады.

Сапалық жағдайы бойынша барлық азық-түлік мүлкі үш санатқа бөлінеді:

бірінші санат – жаңа (бұрын пайдалануда болмаған) мүлік;

екінші санат – азық-түлік қызметінің пайдалануда тұрған, осы заттар үшін белгіленген жабдықтау нормаларының мерзімі біткен немесе бітпегеніне қарамастан жөндеусіз немесе жөндеуден кейін пайдалануға жарамды мүлкі және сақтау мерзімі өтіп кеткен бірінші санаттағы мүлік.

үшінші санат – тура мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз, пайдалану мерзімі аяқталған, белгіленген тәртіппен есептен шығаруға тиесілі мүлік, сақтау мерзімі өтіп кеткен немесе екі есе асып кеткен екінші санаттағы мүлік (бұрын киілмеген немесе пайдаланылмаған сақтауда тұрған мүлік).

Азық-түлікті беру кезінде тамақтандыру және жабдықтау нормалары шегінде тура шығыспен есептен шығарылады.

Азық-түлік қызметінің техникалық құралдары техникалық жай-күйі бойынша бес санатқа бөлінеді:

- 1) бірінші санат – жаңа (бұрын қолдануда немесе пайдалануда болмаған);
- 2) екінші санат – бұрынғы қолдануда болған немесе пайдаланылатын, жөнделген немесе ұсақ жөндеуге жататын;
- 3) үшінші санат – орташа жөндеуді қажет ететін;
- 4) төртінші санат– күрделі жөндеуді қажет ететін;
- 5) бесінші санат – одан әрі пайдалануға жарамсыз.

101. Азық-түлік қызметінің техникасы және мүлкінің қажеттілігін есептеу мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің, сондай-ақ жауынгерлік есептоптардың, тәуліктік нарядтардың және жауынгерлік кезекшіктердің құрамына кіретін әскери қызметшілердің штаттық саны бойынша, ал штаттары асып кеткен кезде – тізім бойынша жүргізіледі.

102. Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің және жоғары әскери оқу орнының қамтамасыз етілуіне барлық жаңаның, сондай-ақ азық-түлік қызметінің бұрын қолданыста болған, пайдалану мерзімі жоспарланған кезеңде аяқталмайтын техникасы және мүлкінің болуы есептеледі. Бұдан басқа, қамтамасыз етілуіне мерзімі өтіп кеткен, бірақ жөндеусіз немесе жөндеуден кейін тура мақсат бойынша пайдалануға жарамды мүкәммалдық заттар есептеледі.

103. Әскери қызметшілердің штаттық санының өзгеруі және әскери бөлімнің немесе жоғары әскери оқу орнының таратылу нәтижесінде артық болып қалған азық-түлік қызметінің техникасы және мүлкі азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі бастығының нұсқауы бойынша пайдаланылады.

104. Азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін жоспарлы қамтамасыз етуге босату азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі бөлетін шекте, көлемдерде орталықтандырылып жүзеге асырылады.

105. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімінің үлестіру жоспарлары бойынша белгіленген жеткізу базистарынан орталықтандырылып алады.

106. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлікпен қамтамасыз ету бөліміне өтінімдерді ұсыну арқылы азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін талап етеді.

107. Ұлттық ұлан әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орнының өтінімдері есептік өтінім беру құжаттарында белгіленген мерзімде, сондай-ақ:

- 1) азық-түлік қызметінің техникасы және мүлкі апаттық жағдайлар, авариялар және т. б. нәтижесінде ішінара немесе толық жойылған не жарамсыз болған кезде;

- 2) қамтамасыз ету жоспарларын жасау кезінде ескерілмеген әскери қызметшілер бөлімге келгесін ұйымдастыру іс-шараларын өткізу кезінде, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің қажеттілігі Ұлттық ұланның әскери бөліміне және жоғары әскери оқу орнына тиесілі ағымдағы қор 50%-дан асып кеткен жағдайда кезектен тыс жасалады және ұсынылады.

108. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны өнім берушілерден тек белгіленген түрдегі сапалы, стандарттар мен техникалық талаптарға жауап беретін, мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттың талаптарына қатаң сәйкес келетін азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін қабылдайды.

109. Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін өнім берушілерден сенімхат бойынша мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шарттарға сәйкес сақтау базаларынан (қоймаларынан) жазбаша өкімдермен (жеделхаттар) немесе осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес азық-түлік қызметінің нарядтары бойынша алады.

110. Сақтау базасынан (қоймадан) немесе өнім берушілерден орыннан азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін алу үшін Ұлттық ұланның әскери бөлімі немесе жоғары әскери оқу орны қажетті құжаттармен өзінің қабылдаушысын жолдайды. Қабылдаушы сақтау базасына (қоймаға) азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімі бастығының рұқсатымен жолданады.

111. Азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін қабылдаушы қабылдайды. Бұл ретте 390-бұйрықпен бекітілген 1-қосымшаға сәйкес № ОС-1 нысаны бойынша негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылдау-беру (ауыстыру) актісі жасалады.

112. Азық-түлік қызметінің техникасын және мүлкін қабылдау кезінде жетіспеушіліктер анықталған кезде Ұлттық ұлан әскери бөлімінің командирі немесе жоғары әскери оқу орнының бастығы қызметтік тергеу жүргізеді. Нақты жетіспеушілік осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес жүргізілетін шығындар мен жетіспеушіліктерді есепке алу кітабына бір уақытта енгізе отырып негізгі есепке алу кітаптары бойынша есептен шығарылады.

## **6-тарау. Азық-түліктің, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкінің сақталуын ұйымдастыру**

113. Азық-түлікті, азық-түлік қызметінің техникасы мен мүлкін сақтау (бұдан әрі - азық-түлік қызметінің мүлкі) Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қоймаларында (сақтау базаларында) ұйымдастырылады.

114. Азық-түлік қызметінің мүлкін сақтау үшін қоймаларда әмбебап және мамандандырылған сақтау орындары жабдықталады (қалқалар).

115. Мамандандырылған сақтау орындарына: стационарлық тоңазытқыштар, көкөніс сақтау орындары, май сақтау орындары, ашыту-тұздау пункттері жатады.

116. Барлық сақтау орындары азық-түлік қызметі мүлкінің сенімді сақталуын, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде механизация құралдарының дұрыс орналастырылуын және қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

117. Ұлттық ұлан әскери бөлімінің немесе жоғары әскери оқу орнының азық-түлік қоймасы:

- 1) негізгі сақтау орнынан;
- 2) томат пастасын, өсімдік майын, тұздалған қияр мен қызанақты, шырынды жеміс-жидек және көкөністерді сақтау орындарынан;
- 3) жаңа піскен картоп және көкөністерге арналған көкөніс сақтау орнынан ( көрсетілген азық-түлік түрлері үшін жеке);
- 4) ашыту-тұздау пункттерінен;
- 5) етке, балғын балыққа, шұжық пен ірімшікке, май қаймаққа және сүзбеге және басқа да тез бұзылатын өнімдерге арналған тұрмыстық тоназытқыштардан (мұздықтар) ;
- 6) азық-түлік қызметінің техникасын сақтауға арналған сақтау орнынан;
- 7) картоп пен көкөністі іріктеуге және қайта өңдеуге, шөпті, сабанды, ағаш ыдысты сақтауға арналған қалқаларлан тұрады.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына - қосымша  
Нысан

### Әскери бөлімнің № \_\_\_\_\_ АТТЕСТАТЫ

Ақпарат белгісі	Тіркеу № _____	Парақтың №	Құжаттың коды	Құжаттың №	Құжаттың күні
-----------------	----------------	------------	---------------	------------	---------------

Операция негізі (максаты )	Операция коды	Қызмет (басқару органы)	Әскери бөлім (құрама)
----------------------------	---------------	-------------------------	-----------------------

P/c №	Материалды қ құралдардың атауы	Номенклатура коды	Өлшем бірлігі	Табельдер бойынша тиесілі заттай нормалар)	Қолда бары		Қолдануға берілген күні ( пайдалануға )
					( Санат сұрып)	( Саны	
1	2	3	4	5	6	7	8

(нысанның артқы беті)

P/c №	Материалды қ құралдардың атауы	Номенклатура коды	Өлшем бірлігі	Табельдер бойынша тиесілі заттай нормалар)	Қолда бары		Қолдануға берілген күні ( пайдалануға )
					( Санат сұрып)	( Санат сұрып)	
1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы:							

Жоғалған материалдық құралдар бойынша өтелмеген есептер қалдығы \_\_\_\_\_ теңге

Соңғы түгендеу өткізу күні 20\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

---

(лауазымы, ә/атағы, қолы, тегі)

М.О.

---

(лауазымы, ә/атағы, қолы, тегі)

Аттестатта көрсетілген әскери бөлімге (құрамаға) тіркелген материалдық құралдардың санымен және сапасымен келісемін

---

---

(лауазымы, ә/атағы, қолы, тегі)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 2-қосымша  
Нысан  
\_\_\_\_\_ әскери бөлімінің  
командирі

---

### Баянат

Мені \_\_\_\_\_ байланысты (әскери бөлімге келу және болу себебі көрсетіледі) 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ " \_\_ " бастап \_\_\_\_\_ " \_\_ " кезеңіне мемлекет есебінен

(немесе ақылы төлем бойынша) азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабылдауыңызды сұраймын.

---

(лауазымы, ә/атағы, қолы, тегі)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 3-қосымша  
Нысан

Қол қойылмаған және елтаңбалы мөрсіз, сондай-ақ әскери қызметшінің бөлімнен тыс жерде болуын растайтын құжатты ұсынбай аттестат жарамды емес.

№ \_\_\_\_\_ АЗЫҚ-ТҮЛІК АТТЕСТАТЫ

---

---

(тізімде тұрған бөлімнің атауы,)

---

(әскери қызметші, атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ шыққан \_\_\_\_\_ сәйкес

(бөлімнің атауы) (құжаттың нөмірі)

\_\_\_\_\_ кезінде \_\_\_\_\_ норма бойынша

(бөлімнің атауы)

қоса азық-түлік үлесімен қанағаттандырылды.

P/c №	Үлестің түрі	Қанша тәулікке	Айдың қай күні бойынша (жазбаша) жыл
1	Заттай азық-түлікпен		
2	Жеке тамақтану рационымен		
3	Үлестен алынып тасталды		

Аттестатты алғандағы қолы: \_\_\_\_\_

(ә/атағы, Т.А.Ә.(болса))

Мөр Бөлім командирінің орынбасары (тыл жөніндегі) \_\_\_\_\_

қою орны

(ә/атағы, Т.А.Ә. (болса))

Қызмет бастығы (азық-түлік) \_\_\_\_\_

(ә/атағы, Т.А.Ә.(болса))

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 4-қосымша  
Нысан

№ \_\_\_\_\_ АЗЫҚ-ТҮЛІК АНЫҚТАМАСЫ

(бөлімшенің атауы)

кеткен

(бөлімшенің атауы)

(ә/атағы, Т. А.Ә.)

Кеткен күні таңғы, түскі, кешкі аспен қанағаттандырылғанын куәландырады  
(керек емес сызып тасталсын) және сонымен қатар:

а) жол бойына үлестің \_\_\_\_\_ нормасы бойынша азық-түлікпен " \_\_\_\_\_ " тәулікке.

Барлығы 20 \_\_\_ ж " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қоса қанағаттандырылды

Бөлімше командирі \_\_\_\_\_

(ә/атағы, Т.А.Ә. (болса))

20 \_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Күнделік бойынша 20 \_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ бастап қабылданды немесе

алынып тасталды.

Тылдың маманы (іс жүргізуші) \_\_\_\_\_

(ә/атағы, Т. А.Ә.)

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 5-қосымша  
Нысан

Жеке құрамды есепке алу деректерімен салыстырылды

(әскери бөлімнің атауы)

(ә/атағы, қолы, Т.А.Ә.(болса),)

20 \_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(бөлімшенің атауы)

\_\_\_\_\_ арналған

№ \_\_\_\_\_ ҮЛЕСТІРУ (ТАПСЫРУ) ВЕДОМОСІ

Р/с №	Ә / атағы	Т.А.Ә	Алынатын мүліктің атауы											Куәлі к №	Алуш ының қолы
			4	5	6	7	8	9	10	11	12	13			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
Берілетіннің барлығы															
Нақты берілді															

Беруді жүргізген: \_\_\_\_\_

(ә/атағы, Т. А.Ә. қолы)

Есепке алу кітабы бойынша тіркеп жазған маман (іс жүргізуші): \_\_\_\_\_

(ә/атағы, қолы, Т. А.Ә. (болса))













Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 8-қосымша  
Нысан

20\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қарасты жағдай бойынша \_\_\_\_\_ әскери бөлімінің  
(әскери бөлімнің атауы)

азық-түлікпен қамтамасыз етуінде тұрған әскери қызметшілерді  
тамақтандыруға арналған

№ \_\_\_\_\_ ӨТІНІМ

P/c №	Бөлімшенің атауы	Негізгі нормалар және негізгі нормаларға қосымша азық үлесі бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етуде тұрған әскери қызметшілердің саны					
1	2	3	4	5	6	7	8

Қызмет (азық-түлік) бастығы

\_\_\_\_\_  
(ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 9-қосымша  
Нысан

БЕКІТЕМІН

\_\_\_\_\_ әскери бөлімінің  
командирі (әскери бөлімнің  
атауы)

\_\_\_\_\_  
(ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))  
М.О.

\_\_\_\_\_ әскери бөлімінің әскери қызметшілерін  
(әскери бөлімнің атауы)

20\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аралығында тамақтандыруды және  
азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша көрсеткен қызметті төлеу  
АКТИСІ

Тамақтандыруды және азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша  
жасалған мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес 20\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ аралығында мынадай қызмет көрсетілді:

1. 1 "Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің жалпы әскери азық үлесі" заттай  
нормасы бойынша: \_\_\_\_\_ тәуліктік берулер x \_\_\_\_\_ теңге тиын (үлестің құны)= \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ теңге

\_\_\_\_\_ тиын (жалпы сомасы);

2. 1 "Әскери қызметшілердің жауынгерлік кезекшілік атқару кезіндегі жалпы әскери  
үлесі" заттай нормасы бойынша: \_\_\_\_\_ тәуліктік берулер x \_\_\_\_\_ теңге тиын (үлестің құны)=

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын (жалпы сомасы);

3. "Мерекелік азық үлесі" негізгі нормаларына қосымша азық үлесі бойынша: \_\_\_\_\_  
тәуліктік берулер х \_\_\_\_\_ теңге тиын (үлестің құны)= \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын (жалпы сомасы);

20 \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ аралығында барлығы \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тиын жалпы сомасына қызмет көрсетілді.

Бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))

Штаб бастығының аға көмекшісі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))

Қаржы қызметінің бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))

Азық-түлік қызметінің бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ә/атағы, қолы, Т.А.Ә. (болса))

Әскери бөлімнің әскери қызметшілерін тамақтандыруды және азық-түлікпен камтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтерді төлеу актісімен келісемін,

наразылығым жоқ:

Директор \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (болса))

М.О.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 10-қосымша  
Нысан

### Тамақтандыру қызметін көрсетуді төлеу бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру АКТІСІ

Біз, төменде қол қойғандар:

\_\_\_\_\_ ЖШС (ЖК) және \_\_\_\_\_ әскери бөлімі тамақтандыру қызметін көрсетуді төлеу

бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасадық:

Жазбаның мәтіні	ЖШС (ЖК)		Әскери бөлім	
	Дебет	Кредит	Дебет	Кредит



Р/с №	Құжаттың тапсырылған күні	Құжаттың атауы	Құжаттың № және күні	Құжаттың саны жазбаша	Құжатты алғаны туралы қол	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 13-қосымша  
Нысан

Азық-түлік мүлкінің  
КІТАБЫ № \_\_\_\_

(қызметтің, әскери бөлімнің атауы)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " басталды

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " аяқталды

### Мазмұны

Материалдық бағалы заттардың атауы	Парақтар		Материалдық бағалы заттардың атауы	Парақтар	
	Бастапқы	Келесі (көшіру кезінде)		Бастапқы	Келесі (көшіру кезінде)

Шот \_\_\_\_\_ өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

Жазылған күні	Есепке алу құжаттарын тіркеу журналы бойынша баптау №	Құжаттың атауы, күні және №	Кімнен алынды немесе кімге берілді	Әскери бөлім бойынша қозғалыс			Оның ішінде тұрады				Құжат тігілген істің нөмірі және парағы
				Кіріс	Шығыс	Қалдық	Қоймада		Бөлімшеде		
							Барлығы	Жаңа	б/қ	барлығы	

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 14-қосымша  
Нысан

Мүкәммалдық мүлікті берілген жылдары бойынша есепке алу журналы № \_\_\_\_

(қызметтің, әскери бөлімнің атауы)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ басталды

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

Өлшеу бірлігі \_\_\_\_\_

Есеп \_\_\_\_\_





Азық-түлікпен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

(ә/атағы, Т.А.Ә. (болса), қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық ұланында  
тамақтандыруды ұйымдастыру  
қағидаларына 17-қосымша  
Нысан

**Жоғалған және жетіспейтін материалдық бағалы заттарды есепке алу кітабы**

Р/с №	Бөлім ше, мүлік е жауап ты адам ардың лауаз ымы, атағы	Мүлік тің атауы, № және бастап қы жетісп еушілі к, жоғал ту тіркел ген құжат тың күні	Есепк е алу мен нақты бар болуы арасы ндағы бастап қыда анықт алған айырм ашыл ықтар сомас ы	Бастапқыда анықталған айырмашылықтардан анықталды										
				Залал келтірілмеген		Залалдың себебі								
				Есепк е алу дерект ерін ақтыл ау	Қайта сұрып тау	Барлы ғы	Оның ішінде					Шығы ндар және иемде ну	Ұрлау	Босат у немес е қабыл дау тәтібі н бұзу
5.	6.	7.	8.				9.	10.	11.	12.	13.			
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.	11.	12.	13.	14.	

Материалдық залал бойынша істің қозғалысы (іс кімге, қашан, қандай құжат бойынша жолданды)	Материалдық залал бойынша шешім			Күні және кінәлілерден өндіріп алуға ісін қабылдауда қаржы органы бастығының қоятын қолы мен күні	Қаржы органының бастығымен расталған кінәлілердің залалды өтеуінің соңғы күні	Ескертпе
	Шешім қабылданған құжаттың күні және №	Кінәлілерден өндіріп алу теңгемен	Мемлекеттің есебінен шығарып тастау			
15.	16.	17.	18.	19.	20.	21.